

Ұлттық фильмдерді прокаттау мен көрсетуден түсेतін кірістерден Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығына аударымдарды жасау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 108 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 22 сәуірде № 18567 болып тіркелді.

"Кинематография туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.02.2023 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық фильмдерді прокаттау мен көрсетуден түсेतін кірістерден Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығына аударымдарды жасау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін күнтізбелік екі күн ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы тармақпен көзделген іс-шара орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шараның орындалуы туралы мәлімет ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министри
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы

A. Мұхамедиұлы

Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт
министрінің
2019 жылғы 19 сәуірдегі
№ 108 бұйрығымен
бекітілген

Ұлттық фильмдерді прокаттау мен көрсетуден түсетін кірістерден Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығына аударымдарды жасау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Ұлттық фильмдерді прокаттау мен көрсетуден түсетін кірістерден Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығына аударымдарды жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Кинематография туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 5 -тармағына сәйкес әзірленді және ұлттық фильмдерді прокаттан және көрсетуден түсken кіrіsterden Ұлттық киноны қолдаудың мемлекеттік орталығына аудару тәртіbіn айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – КР Мәдениет және спорт министрінің 14.02.2023 № 47 (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін құntіzbelіk он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Ұлттық фильмдерді прокаттаудан және көрсетуден түsken кіrіsterden Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығына (бұдан әрі - Мемлекеттік орталық) аударымдар Фильмдер мониторингінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен алынған деректер негізінде жүзеге асырылады.

2-тарау. Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығына ұлттық фильмдерді жалға беруден және көрсетуден түsken кіrіsterden аударым жасау тәртіbі

3. Мемлекеттік орталық арқылы ұлттық фильмді қаржыландыру түрінде мемлекеттік қолдау алған жеке және (немесе) заңды тұлғалар Мемлекеттік орталыққа ұлттық фильмдерді прокаттау мен көрсетуден түsetіn кіrіsterden аударымдарды жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – КР Мәдениет және спорт министрінің 14.02.2023 № 47 (алғашқы ресми жарияланған кунінен кейін құntіzbelіk он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Аударым ұлттық фильмдерді прокаттау мен көрсетуден түsetіn кіrіsterden ұлттық фильмдерді прокаттау мен көрсетуді ұйымдастыруды жүзеге асыратын ұйымның үлесі арасындағы айырмадан мынадай көлемде жүзеге асырылады:

1) әлеуметтік маңызы бар фильмдерді, дебюттік фильмдерді, оқигалы фильмдерді прокаттаудан және көрсетуден – табыстың жиырма пайзы;

2) кең көрермендер аудиториясына арналған ойын фильмдерінен, бірлесіп шығарылған фильмдерден, прокаттаудан және көрсетуден – алынған мемлекеттік қолдаудың пайыздық арақатынасына мөлшерлес.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мәдениет және спорт министрінің 14.02.2023 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Аударымдар жалға беру және әрбір ұлттық фильмді көрсету аяқталғаннан кейін оларды мемлекеттік Орталықтың банктік деректемелеріне жіберу арқылы жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК